

Бекітемін:

ЖШС «Шалхар-Ата» бөбекжай бақшасының

Менгерушісі:  А.Медетова



«Жомарт күз»

Тәрбиеші: Д.Аманжолова

2023ж

«Жомарт күз»

Музыка әуенімен әсем безендірілген залға балалар келіп кіреді.

Жүргізуші: Қарсы алайық бәріміз ,

Жасымыз бен кәріміз.

Қырдан кепті қыдырып,

Алтын күзге бізге нұр төгіп.

Тілегім аман болсын ел іргесі,

Алтын күз қайта келді берекесі.

Молшылықтың жаршысы бола білді,

Алтын күз —ырыс береке ,бірлік ала келді.

Армысыздар ұстаздар мен ата аналар, қадірлі қонақтар!

«Алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Ал балалар Алтын күз мерекемізге жаттаған тақпағымызды айтайық

Айсауле: Күзім —ау ,күзім-ау.

Мінезің бұзық-ау .

Жаңбырың себелеп ,

Келгенің қызық —ау.

Нұрхан: Алқапты бидайды ,

Қоймаға ел жинайды.

Тырнасы тізілген,

Ұнатам күзді мен.

Медина: О,балалар балалар .

Қоңырқай күз болыпты.

Қуарып жапырақ солыпты

Ел егінін орыпты.

Келесі кезегімізді әсем әнге берейік.

1.Ән: «Алтын күз келді».

Жүргізуші: Балалар бізге қонақ келе жатқан сияқты.Ол кім болды екен?

Күз ханшайымы: Салем менің достарым,

Өмірге көп қосқаным.

Күз сыйлығын алыңдар

Сыйлығына қаныңдар,

Молшылыққа кенеліп,

Шаттық әнге салыңдар.

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе, Күз ханшайымы! Біздің балалар сізді асыға күтті.

Күз ханшайымы: Рахмет, менің достарым! Ал мен сендерге Жұмбақ ала келдім.

Жұмбақ: 1. Шықса көк, түссе сары. Жапырақ

2. Бұтаққа ілініп тұрамын,

Піскенде себетке құладым. Жеміс

3. Сырты қатты, іші тәтті. Қарбыз

4.

Жүргізуші: Күз ханшайымы біздің балалар білімді, өнерлі. Енді біздің балаларымыз «Алтын күз»

Мерекесіне тақпақ жаттаған, сізге айтып береміз дейді.

Айсель: Келді міне Алтын күз,

Сары шашты жарқын күз.

Ғазиз: Алтын сары, қызыл, көк.

Алуан, алуан жапырақ

Күзгі бақта күлімдеп,

Көз тартады атрап.

Сара: Күзде дала жаурайды.

Көкте бұлттар аұнайды,

Бұтағынан үзіліп,

Жапырақтар саулайды.

Айым: Қыры толы егіске,

Бағы толы жеміске.

Елді сыйға кенелтті,

Қолы ашық періште.

2. Би: «Саңырауқұлақтар».

Жүргізуші: Ертеңгілік жалғасады. Балалар тақпақтары.

Асылжан:

Пісіп қапты әңгелек,

Доптай болып дөңгелеп.

Сап-сары боп сабағы.

Исі мұрын жарады.

Инжу:

Пісетін кезі дәл күзде,
Мезгілсіз оны үзбе.
Аузымнан кетпес бал дәмі.
Оның аты –Шабдалы.

Мұхамед:

Шиемін мен шиемін,
Күнің көзін сүйемін.
Бала келсе қасыма
Басымды мен иемін.

Нұрай :

Өрік шие балы бар,
Қауын ,қарбыз көбейді.
Жегің келсе бәрін ал ,
Неге аласың демейді.

Асқар Алинұр:

Жемісі мол теретін,
Күз дос екен бізбенен.
Бәрін тауып беретін,
Жомарт екен күз деген.

3.Би « Бұлттар».

Тақпақтар.

Адина :

Сап сары маңай,
Сап –сары тоғай.
Құс кетті қайтып,
Соңғы әнін айтып.

А. Заңғар:

Алақай .алақай,
Шаттанады балақай.
Күз түсті .дән пісті,
Айтамыз алғысты.

Абдурахман:

Жапырақ ұшты,

Суықта түсті.

Сонда да біте,

Қызық көп күзде.

Аяла:

Сарағайды тоғай,

Сап –сары маңай.

Раяна:

Қарашы күз келді,

Сап-сары бақтарда.

Нұрыман;

И.Би: «Қолшатыр» « биі

Даян :Көрініп еліме

Күндер мереке

Келді ғой жеріме.

Күз дейтін мереке.

Айару:

Жетті міне алтын күз,

Жеміс жинау салтымыз.

Даниял:

Жиып теріп болған соң,

Той жасайды халқымыз.

5.Би: «Көкөністер»

6. Ән : «Жапырақтар» әні.

Айкөркем:

Мұхамеджан:

Ойын : «Жапырақтар жинаймыз». Күз ханшайымен бірге

Жүргізуші: Құрметті ата –аналар ,балалар ,қонақтар бүгінгі « Алтын күз» атты ертеңгілігіміз аяқталды.

